

Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 1024 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2013 жылы 06 қаңтарда № 9059 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 20 қазандағы № 997 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 20.10.2015 № 997 бұйрығымен.

«Кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы № 49 қаулысымен бекітілген Кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесінің 5-тarmaғына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Су көлігі департаменті (Қ.Н. Тілепов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде оны Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында ресми жариялануын және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы «Әділет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға көшірмесін жіберуді;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А.Г. Бектүровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

| | | |
|-------------|---------------|---------------|
| Министр | A. Жұмағалиев | |
| Қазақстан | және | Республикасы |
| Көлік | | коммуникация |
| министрінің | | |
| 2013 | жылғы | желтоқсандағы |
| № | 1024 | бұйрығымен |
| бекітілген | | |

Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімін жүргізу қағидалары

1. Осы Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы № 49 қаулысымен бекітілген Кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесіне сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімін (бұдан әрі – Тізілім) жүргізу тәртібін б е л г і л е й д і .

2. Тізілімді порттың теңіз әкімшілігі мемлекеттік және орыс тілдерінде қағаз және электронды тасығыштарда осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізді .

3. Қағаз түріндегі Тізілімде барлық беттер нөмірленеді, тігіледі және Тізілімнің соңғы бетінде нөмірленген және тігінделген парақтардың саны көрсетіледі .

4. Тізілімді теңіз портының капитаны куәландырады.

5. Тізілімнің «Өзгерістер туралы белгілер» деген бағанына кеме туралы немесе барлық жазуды жаңартуды, сондай-ақ оған құқықтардың тоқтатылуын немесе ауысуын талап етпейтін өзгерісі туралы қосымша ақпарат жазылады.

Мұндағы мәліметтерге:

1) егер кеменің меншік иесі (кеме иесі) жеке тұлға болса, жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде), тұратын жерінің өзгеруі;

2) егер кеменің меншік иесі (кеме иесі) заңды тұлға болса, заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері және пошталық мекен-жайының өзгеруі;

3) кеме атауының өзгеруі жатады.

Қазақстан

халықаралық

жүргізу қағидаларына қосымша

Нысан

Республикасының

кеме

тізілімін

Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімі

| | | | | | | | |
|-------|--|---------------|---|---|----------------------------|----------------|---|
| P/c № | Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізіліміне енгізу күні және тәртіптік тіркеу нөмірі | Кеменің атауы | Кеменің меншік иесінің атауы/ тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде) және оның мекенжайы | Кеме иесінің атауы/ тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде) және оның мекенжайы | Кеменің үлгісі мен мақсаты | Шакыру сигналы | Халықаралық тәңіз ұйымының сәйкестендіру нөмірі |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

Жалғасы

| | | | | | | | |
|-------------------------|------------------------------|---|--|---|-------------|-----------|-------------------------------|
| Негізгі тіркеудің порты | Жалдау уақытына тіркеу порты | Алдағы тіркеудің порты (орны) және оның күшін жоюдың күні (егер ондайлар болса) | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына рұқсаттың қолданылу мерзімі | Кеменің бұрынғы атауы (егер ол бұрын шетелдік туын көтеріп жүзетін болса) | Жұзудауданы | Жобаның № | Кеменің жасалған жылы мейорны |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |

Жалғасы

| Корпус-тың мате-риалы | Жұк көтерімдігі (тонналар) | Жолаушылар сыйымдылығы (адам) | Басты қозғалтқыштардың типі, саны және қуаты | Қозғалтқыштардың түрі және бұрама саны | Кеменің габариттік өлшемдері (метрлер) | | | | |
|-----------------------|----------------------------|-------------------------------|--|--|--|-----|----|----|---|
| | | | | | Ұзын-дығы | Ені | | | |
| 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 2 |

Жалғасы

| | | | | | | |
|-----------------------------------|------------|--|--|----------------------------|---|--|
| Сыйымдылық (тіркелімдік тонналар) | Жалпы таза | Құтқару шлюпкалары (саны, жалпы сыйымдылығы) | Жүрістің ең тез жылдамдығы (бұйндарда) | Өзгерістер туралы белгілер | Кеменің немесе жасалынып жатқан кемені ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер | |
| | | | | | Ипотеканы мемлекеттік тіркеу туралы күләлкітің деректемелері, кепіл беруші мен кепіл ұстаушының атауы/ тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде) және мекенжайы, ипотеканың аяқталу күні | Негізінде ипотеканы мемлекеттік тіркеу тоқтатылған күжаттардың деректемелері, ипотеканың мерзімін бұрын аяқталу күні |
| | | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК